2. Ключко В.Е., Галажинский Э.В. Самореализация личности: системный взгляд.- Томск, 2000.
3. Леонтьев Д.А. Психология смысла. Природа, строение и динамика смысловой реальности. – М., 2017

**ОӘК 159.9.07**

**Уалиева Сандугаш Калиденовна**

*Alikhan Bokeikhan University, 2 – курс магистранты, Семей қаласы,*

**Абдуллина Гульнар Кабдышеитовна**

*Ғылыми жетекшісі: «Alikhan Bokeikhan University» аға оқытушысы, Семей қаласы*

### **МАМАНДЫҚҚА ЖАҒЫМДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ**

*Мақалада мамандыққа жағымды қарым-қатынасты қалыптастырудың педагогикалық – психологиялық негізі қарастырылған. Мамандыққа жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру мен кәсіби дайындықтың объективті және субъективті жақтары, құрылымдық ерекшеліктері сипатталған.*

**Түйін сөздер:** *маман, қарым-қатынас, кәсіби дайындық, іскерлік.*

*В статье рассматривается педагогико-психологическая основа формирования позитивного отношения к профессии. Описаны объективные и субъективные стороны, структурные особенности формирования позитивного отношения к профессии и профессиональной подготовки.*

**Ключевые слова:** *специалист, коммуникабельность, профессиональная подготовка, умение.*

*The article discusses pedagogy-the psychological basis for the formation of a positive attitude to the profession. Objective and subjective aspects, structural features of the formation of a positive attitude to the profession and vocational training are described.*

**Keywords:** *specialist, sociability, professional training, skill.*

Болашақ мамандарға қажетті іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, білікті мамандарды даярлау, таңдаған мамандықтарына көзқарастары мен қызығушылықтарын арттыру сияқты, өзектілігін жоғалтпай келе жатқан, өміршең мәселелер ғалымдар мен зерттеушілерді, кәсіпкер мамандар мен кәсіп иелерін қашанда алаңдатып келген [1]. Таңдаған мамандықтарына жағымды көзқарасын, ұғым-түсініктерін қалыптастыруда қарым-қатынастың алатын орны мен ықпалы орасан. Қ. Салпынба: - «қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол адам өміріндегі көптеген рухани және материалдық



құндылықтарды қамти отырып, оның өміріндегі ең жоғары қажеттіліктердің бірі» - деген пікірде [2].

Адамның кез-келген іс – әрекетіне қажетті болашақ мамандарды қалыптастырудың ғылыми теориялық негіздерін зерттеген ғалымдар: А.Бине, В.Анри, В.Штерн, Т.Симон, Л.Термен, Г. Мюнстенберг, Ф.Парсонс, Фрэнк Банкер Джилберт пен Лириан Джилберт, Ф.Тейлор, Генри Форд, Ч.Бернар, Г.Саймон, Ф.Селзник, Р.Моккер, Дж.Вудсворд, Д.Ломбард, Э.Клапаред, Д.Рисман және Дж. Гелбрейт, Э.Мейо, А.Маслоу, Д.Макгрегор, Е.А.Климов, В.Н.Мясищев, В.М.Бехтерев, К.Марелль, В.Ястшембовский, Б.Г.Ананьев, Н.А. Бернштейн, П.К. Анохин, А.А. Богданова, В.С.Степин және т.б.

Болашақ мамандардың тұлғааралық қарым-қатынасының мазмұнын жан-жақты зерттеушілер: Ә.Табылды, С.А.Мұсаева, С.М.Түрениязова, Қ. Нағымжанова, А.Б. Маденова, Қ. Сарбасова, Қ.Т. Ыбырайымжанов және т.б. Белгілі психолог-ғалымдар Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, Қ. Жарықбаев, Е.И. Игнатъев, Ф.И. Гोनоболлин, А.А. Люблинская т.б. болашақ мамандыққа қарым-қатынасты қалыптастырудың психологиялық негіздері мен заңдылықтарын, ерекшеліктерін, механизмдерін жан-жақты зерттеген.

Мамандыққа жағымды қарым-қатынасы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға қажетті шаралардың ерекшеліктерін психологтар зерттеген. Психологтар Б.Г. Ананьев, А.Я. Леонтьев, Л.И. Божович және т.б. қызығушылықтың шарттары мен пайда болу механизмін және оның тұлғаға ықпалын зерттесе, педагогтар Г.И. Щукина, Н.Г. Морозова, А.К. Маркова, Р.Г. Лемберг және т.б. педагогикалық процесте көрініс алған қызығушылықты қалыптастыру мүмкіндіктерін айқындайды, ал әлеуметтанушылар Л.М. Архангельский, Г.А. Логинова, Т.К. Панкратов және т.б. қызығушылықтың қоғамдық ортамен және тұлғаның іс-әрекеті сипатымен байланысын қарастырады.

Болашақ мамандардың таңдаған мамандығы немесе кәсібі ұғымдарының мынандай сипаттамасы бар [3]:

- кәсіби маман үшін аралас мамандықтармен ажырамас байланыстағы іскерлікті білдіретін шектеулі еңбек түрі;
- арнайы дайындық пен үнемі қайта дайындықты талап ететін еңбек;
- марапаттау үшін орындалатын еңбек (кәсіп кәсіби емес іс-әрекет түрлерінен ажыратылады);
- қоғамдық пайдалы еңбек;
- адамға қоғамда белгілі бір статус беретін еңбек (көп адамдар үшін «мен – психологпын» деп айту – бұл көп нәрсені білдіреді...).

Е.А.Климов [4] кәсіби іс-әрекет феноменін негізгі әлеуметтік қатынастар аспектісі тұрғысынан зерттеп, төрт негізгі мағынасын талдаған. Оны 1980 жылдың ортасындағы жалпы хронотоп ретінде қарастырады :

1) Күш мазмұнының аймағы, адам еңбек субъектісі ретінде еңбек іс-әрекетінің шектелген түрі (еңбектің тарихи жіктелуі негізінде).

2) Адамдардың ортақтығы, берілген еңбек қызметін орындаушы, жарамды қоғамдық мінездің болуы.

3) Дайындық (білімі, шеберлігі, дағдылары, квалификациясы) арқасында адамның еңбек қызметіне сәйкес қабілеттілігі.

4) Іс-әрекет профессионалды процесс ретінде, кәсіпкердің еңбек қызметін орындауындағы шыңдалуы.

Болашақ мамандардың еңбек әрекеттеріне қажетті іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, білікті мамандарды даярлау, таңдаған мамандықтарына көзқарастары мен қызығушылықтарын арттыру сияқты, өзектілігін жоғалтпай келе жатқан, өміршең мәселелер ғалымдар мен зерттеушілерді, кәсіпкер мамандар мен кәсіп иелерін қашанда алаңдатып келген.

В.И. Ковалев мамандыққа кәсіби қарым-қатынасты қалыптастыру педагогикалық - психологиялық мәселе ретінде қарастырады[5]. Болашақ мамандыққа кәсіби қарым-қатынасты қалыптастыру мен маман даярлауда педагогикалық іс-тәжірибенің ішкі мазмұны,

мақсаты жайында өз пікірлерін С.Шацкий былай білдірген: «Жастар үшін академиялық қажеттілік пен шектелу және іс-тәжірибелік қызметке сырттай бақылаушы ретінде қарау зиянды» десе, Ресейдің белгілі педагогі П.Блонский «Тек дәрістер мен кітаптар арқылы ғана болашақ мамандыққа үйрену мүмкін емес, сонымен бірге іс-тәжірибе қажет, бірақ ол дәл көшірме емес, шығармашылық және саналы түрде түсіну тұрғысынан болу керек» деп жазған.

Ю.Бабанский, Н.Болдырев, И.Кузьмина, А.Пискунов, В.Сластенин сияқты ғалымдардың еңбектерінде болашақ маманның алатын теориялық білімі мен іс-тәжірибе үрдісінің үйлесімділігінің бірлікте болуы жайлы сөз болды. Ресей ғалымы Р.Алишев мамандықты таңдауды маңызды фактор және тұлғалық өзіндік анықтауы деген пікірді ұсынды. С.Л. Рубинштейн, В.Э. Чудновский, Е.Н. Гольвах, Е.А. Климов, К.Н. Поливанова, Ю. Бабанский, Н. Болдырев, И. Кузьмина, В. Сластенин және т.б ғалымдар болашақ мамандарды даярлау мәселесіне ерекше көңіл аударған.

Мамандыққа қажетті кәсіби бағдарлаудың «тәрбиелік» деп аталатын концепциясын директивті қалыпқа жатқызуға болады. Ол бихеверистік, адамның жүріс-тұрысының сыртқы әсер жиынтығына белгілі мөлшерде шарттану ұстанымына негізделеді. Аталған ұстаным өкілдерінің ойынша, кәсіби оқытудың тиімді әдістерінің дұрыс тандай отырып, кез- келген адамды әртүрлі мамандыққа үйретуге болады. Осыдан – адамның жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерделеуге, кеңес беру және оны оқытуға тиімді жағдайларды ұйымдастыру болып табылатын негізгі мақсат болып шығады.

В.В. Столин мамандыққа жағымды қарым-қатынас пен кәсіби қызығушылық негізінен оқыту-жаттығу (танымдық) іс-әрекеттері «күшін сынау» барысында қалыптасатындығына көңіл бөлген [6]. Сол кезде, болашақтағы кәсіби маман ретінде көзқарас қалыптаса бастайды, белгілі эталондарға сәйкес жүруге, әрекет етуге ықылас пайда болады. Әртүрлі саладағы іс-әрекет жасап жатқан адамдармен салыстыра отырып, болашақ мамандықты таңдауға шешім қабылдайды.

Мамандыққа жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру мен кәсіби дайындық жайлы П.М. Якобсон өз тұжырымдамасына төмендегідей сипаттама береді [7]:

1. Кәсіби дайындық саяси идеялық, еңбек, адамгершілік, т.б. сияқты күрделі құрылымдардан тұратын тұлғаның интеграциялық сапасы.
2. Өз отанының азаматы ретінде қалыптасқан тұлға дүниетанымының құрамды бөлігі.
3. Болашақ кәсібін саналы таңдауды қамтамасыз ететін, кешенді қалыптасқан тұлға сапасын айқындайтын өлшем.
4. Тұлғаның белсенді өмірлік позициясынан туындайтын дербес кәсіп таңдауы.
5. Кәсіби дайындыққа субъекті мен объектінің өзара байланысын қамтамасыз ететін жеке әрекетке өтудегі мақсаттылық қызметі (деятельность).
6. Кәсіби дайындық тұлғаның тек қана танымдық емес, өмірлік көзқарас тұрғысынан көрінеді.

Халықаралық деңгейдегі білімнің басты ерекшелігі – күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау болса, оның алғы шарты білім арқылы тәрбие берудің ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру деген сөз. Сондықтан, дүниежүзілік тәлім-тәрбие берудің озық тәжірибелерін игермей ұлттық тәрбие идеясын толыққанды жүзеге асыра алмаймыз. Бүгінгі тарихи-психологиялық ахуал бізден осыны талап етіп отыр.

Болашақ мамандардың таңдаған мамандығына жағымды қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған білім беру тұжырымдамасының оқытудың рухани адамгершілік мәдениетінің тұрғысынан алғандағы ізгіліктілігі, функциялылығы және табиғилығы:

- ізгіліктілік маман ретінде жеке тұлғалық адамгершілік-эстетикалық белгілерін, оқушы ретінде даралықтың моральдық белгілерін бойына сіңірген белсенді әрі шығармашыл тұлғаның дамуы үшін тұрақты жағдай тудыру міндеттерін назарда ұстайды.

- білім беру мен оқытудағы бағыттылық мұғалімдер мен оқушылардың адамгершілік-әдептілік біліктілігін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Білім беру мен

оқытудың тәрбиелілік мазмұнындағы рухани – адамгершілік негіздерін қалыптастырудың қызметтік мәнділігінің бағдарлану бағыты:

- білім беру процесіндегі субъектілерінің тұлғааралық қатынастарының рухани өрлеу тұрғысынан жаңарту;
- оқу әрекетінің бағытын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан талдап білу емес, адамгершілік негіздерін де анықтау.

Н.С. Пряжников [7] болашақ мамандардың кәсіби қызығушылығының қалыптасу жағдайларын қарастырып, іс-әрекет мағынасының ұғымына көңіл аударды. Тұлғалық маңызы бар оқытудың методологиялық аспектілері Н.Ф. Добрынинаның, С.Л. Рубинштейннің, А.Н. Леонтьевтің, А.А. Вербицкийдің, Г. Олпорттың, К. Роджерстің және т.б. еңбектерінде қаралған.

Г.К. Абдуллинаның пікірі бойынша [8]: - «болашақ мамандарды өте күрделі кәсіби міндеттерді шешу үшін өз бетінше ізденуге және жаңа білімді игеруге даярлау қажеті туындайды. Жоғары білім маманға өз бетінше және жауапкершілік мәдениет, ғылым мен техника жетістіктерін дамыта және шығармашылықпен пайдалана отырып, зерттеу мен тәжірбиелік шешуге мүмкіндік беретін жүйеленген білім мен іс - әрекет дағдыларын игеру нәтижелелерінің жиынтығы болып табылады». Қай салада болса да кәсіби маман білім алуға құштар. Кәсіби біліктілікке ие болған болашақ маман иесі кез – келген өндіріс орындарынан жұмыс алады. Ал маманның бойындағы іскерлік, дағды, қабілет қасиеттері өте маңызды.

Болашақ мамандардың таңдаған мамандығына жағымды қарым-қатынасын қалыптастырудың бірден бір жолы - білім беру кеңістігін кеңейту, қашықтан өзара әрекеттесу мүмкіндіктерінің пайда болуы, білім беру бағыттарының вариативтілігі. С.И.Гессен университеттік білім берудің негізгі ұстанымдарын былайша анықтаған:

- Университетте ғылыми білімнің толық болуы;
- Дәріс беру және оқыту үрдісіндегі еркіндік және шығармашылық рухы;
- Оқытушылар мен ғалымдарды дайындау жолымен университеттің өзін-өзі

тәрбиелеуге қабілеттілігі.

И. Нұғыманұлы мен Қ. Қайымның көзқарасы бойынша, Қазақстандық ғалымдар университеттік білім беру ұстанымдарының маңыздылығын ерекше көрсетеді. Олар бүгінгі университетте мамандарды дайындау жүйесінің негізгі ұстанымдарын былайша анықтайды[10]:

- білім беру мазмұнының ғылыми іргелілігі мен жүйелілігі ұстанымы;
- білім берудің қол жетерлік ұстанымы;
- ғылым мен өндіріспен алынатын білімдер жүйесінің кешенділік және кіріктірілген

ұстанымы;

- мамандар дайындаудың жанашылдық және ақпараттылық бағдарлаушылық принципі;

- білім берудің болжаушылық және жан-жақтылық принципі;
- кәсіби құзырлылықтың көп варианттылық және таңдамалық ұстанымы;
- алынатын біліктіліктің қолданбалы нәтижелілігінің ұстанымы;
- білім беру мазмұны мен құрылымының көпдеңгейлі және үздіксіздік ұстанымы және

т.б.

Болашақ мамандардың таңдаған мамандықтарына жағымды қарым-қатынасы мен дұрыс мамандық таңдауы үшін негізгі үш мәселеге көңіл аударған жөн.

1. Болашақ мамандардың таңдаған мамандығы қаншалықты көлемде керек, болашағы қандай екенін ескеру. Басқаша айтқанда, нарықтық экономика бұл мамандықты қаншалықты қажет етеді?

2. Әр мамандықтың өз жағынан болашақ маман алдына қандай талап тілек қоятынын, яғни, профессиограммаларды білу.

3. Белгілі бір мамандыққа бағыттап отырып, сол адамның қабілеттілігін білу.

Бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің керегесі кең, шаңырағы биік болып дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдеріне қосылуы үшін білімді, ғылымды дамытуымыз қажет. Осыған

орай болашақ мамандарға кәсіби бағдар берудің және болашақ мамандарды даярлаудың педагогикалық-психологиялық жағдайлары жан-жақты қарастырылуы керек.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Семикин В.В. Психологическая культура в образовании человека: Монография. – СПб: Союз, 2002. – 173 с.
2. Салпынова Қ. Танымдық қызығуды дамыту. Қазақстан мектебі. № 4, 2018. 42 – 43 б.
3. Обуховский К. Психология влечений человека. -М., 2012. - 224 с.
4. Климов Е.А. Индивидуальный стиль деятельности в зависимости от типологических свойств нервной системы. Казань: Каз.унв., 2000
5. Ковалев В.И. Мотивы поведения и деятельности. -М., 2018. -138 с.
6. Столин В.В. Перспективы развития теории деятельности и проблемы мотивации // Развитие эргономики в системе дизайна. Тезисы докладов всесоюзной конференции. - 2012. -с 81-85.
7. Якобсон П.М. Психологические проблемы мотивации поведения человека. ~М., 2019. -316 с.
8. Пряжников Н.С. Психологический смысл труда. М.: Институт практ.психологии; Воронеж: НПО «МОДЭК», 2017.
9. Абдуллина Г.К. Бәсекеге түсуге қабілетті мамандарды даярлаудағы білімнің мазмұны. // Таптым-таптым. Эврика! № 10(14), 2006, 5-8 б.
10. Нұғыманұлы И., Қайым Қ. Таным қызығудың психологиялық- педагогикалық негізі // Таптым-таптым. Эврика! № 1, 2005, 34-39 б.

УДК 159.9

Уразбеков Данияр Муратович

Магистрант 2 курса, Учреждение образования «Alikhan Vokeikhan University»

### ИССЛЕДОВАНИЕ СТИЛЕЙ ПОВЕДЕНИЯ СУПРУГОВ В КОНФЛИКТНЫХ СИТУАЦИЯХ

*Бұл мақалада ерлі-зайыптылар арасындағы қақтығыстар мәселесі қарастырылады, жас отбасылардағы жанжал жағдайларындағы мінез-құлық стильдерін зерттеу нәтижелері келтірілген, мінез-құлық стратегияларының рөлі және олардың жанжалды шешуге әсері көрсетілген.*

**Түйінді сөздер:** жас отбасы, жанжал, жанжалдағы мінез-құлық стилі, компага келу, бәсекелестік, бейімделу.

*В данной статье рассматривается проблема конфликтов между супругами, представлены результаты исследования стилей поведения в конфликтных ситуациях в молодых семьях, показана роль стратегий поведения и их влияние на разрешение конфликта.*

**Ключевые слова:** молодая семья, конфликт, стили поведения в конфликте, компромисс, соперничество, приспособление.

*This article examines the problem of conflicts between spouses, presents the results of a study of behavioral styles in conflict situations in young families, shows the role of behavioral strategies and their impact on conflict resolution.*

**Keywords:** young family, conflict, styles of behavior in conflict, compromise, rivalry, adaptation.

В психологии под конфликтом понимается противостояние или столкновение

индексно противоположных целей, интересов, мотивов, позиций, мнений, замыслов, критериев или же концепций субъектов-оппонентов в процессе общения — коммуникации. Или же – обоюдное отрицательное психическое состояние двух или более людей, характеризующееся враждебностью, отчужденностью, негативизмом в отношениях, вызванное несовместимостью их взглядов, интересов или потребностей [2].

Семейные разногласия является естественным явлением для любой семьи. Ведь для совместной жизни объединяются мужчина и женщина с индивидуальными психическими различиями, неодинаковым жизненным опытом, разными взглядами на мир, интересами. И по самым различным вопросам, начиная с того, где провести выходной или отпуск, кончая тем, какую купить машину, могут быть противоречивые мнения.

Нами было проведено экспериментальное исследование в молодых семьях со стажем семейной жизни от 1-го до 3-х лет. В эксперименте приняли участие 20 человек.

Для выявления стилей поведения супругов в конфликтных ситуациях был применен тест К. Томаса «Стиль поведения в конфликтной ситуации» (адаптированный Н.В. Гришиной, 2001г.) [1]. Полученные результаты помогли установить (на основании данных супругов) особенности стилей поведения испытуемых. Сводные результаты представлены в таблице 1.

**Таблица 1. Процентное соотношение стилей поведения в конфликте в мужской, женской и общей выборках.**

Стиль поведения	% в общей выборке	% в женской выборке	% в мужской выборке
Соперничество	15 %	10 %	30 %
Сотрудничество	30 %	30 %	10 %
Компромисс	25 %	20 %	40 %
Избегание	15 %	20 %	10 %
Приспособление	15 %	20 %	10 %

В общей выборке наметилась следующая тенденция: стиль поведения сотрудничество выбирается в большинстве случаев – 30 %; компромисс предпочитают 25 % опрошенных; стили поведения соперничество, избегание и приспособление составляют 15 %.

Анализируя результаты исследования по данной методике, можно сделать вывод, что респонденты используют в своей деятельности практически все стратегии поведения. Но большинство испытуемых в основном используют такую стратегию как соперничество, то есть предпочитают идти к разрешению конфликта своим собственным путем. Они не очень заинтересованы в сотрудничестве с другими людьми, но зато способны на волевые решения[3]. Стиль соперничества может использовать человек, обладающий сильной волей, достаточным авторитетом, властью, не очень заинтересованный в сотрудничестве с другой стороной и стремящийся в первую очередь удовлетворить собственные интересы. Наглядно данные по этой методике представлены на рисунке 1.



Рис.1. Процентное соотношение стилей поведения в конфликте в общей выборке.

Для женщин характерно превалирование способа поведения сотрудничество – 30 %. Способ поведения компромисс, избегание и приспособление выбирается в 20 % случаев, соперничество выбирают наименьшее количество женщин – 10 %. Наглядно эти данные представлены на рисунке 2.




Рис.2. Процентное соотношение стилей поведения в конфликте в женской выборке.

У мужчин наблюдается следующее: компромисс выбирается в 40 % случаев; соперничество как стратегию поведения в конфликте выбирают 30 % мужчин; избегание, сотрудничество и приспособление используют наименьшее количество испытуемых - 10 %. Наглядно эти данные представлены на рисунке 3.




Рис. 3. Процентное соотношение стилей поведения в мужской выборке.

Таким образом, можно отметить, что женщины предпочитают сотрудничество в качестве способа поведения в конфликтной ситуации. В свою очередь мужчины разрешают конфликты в большинстве случаев (40%) компромиссом. Однако женщины в отличие от мужчин стараются избегать такого способа поведения в конфликте как соперничество (в мужской выборке оно составляет 30%), отдавая приоритет компромиссу, приспособлению и избеганию. Мужчины в свою очередь не приемлют приспособление и избегание в качестве способа поведения в конфликте.

Тенденция преобладания компромисс в поведении мужчин объясняется тенденциями к эгалитарности современной семьи. То есть возрастает независимость женщины во многих областях семейной жизни (личностная, профессиональная, хозяйственно-бытовая). Мужчина, видя компетентность женщины во многих вопросах, стремится уступить ей ведущую роль [4].

Однако, оставаясь доминирующим звеном семейных взаимоотношений, мужчина считает для себя неприемлемым в силу своей половой принадлежности прибегать к приспособлению и избеганию в конфликтных ситуациях, которые могут показать его слабость и несостоятельность как мужчины.

В семьях, удовлетворенных браком супруги способны гибко приспосабливаться при воздействии на их отношения внешних факторов. Они способны адаптироваться к изменениям внешней и внутрисемейной ситуации. Супруги имеют совместные интересы, вместе принимают решения, касающиеся семейной жизни, взаимоотношения отличаются высокой эмоциональной близостью. Четко распределена ответственность между супругами, при этом каждый имеет свое личностное пространство. Ролевые притязания обоих супругов превышают ролевые ожидания партнера, особенно в хозяйственно-бытовой сфере. Каждый готов взять ответственность на себя.

Изучение конфликтных семейных взаимоотношений осложнено многими факторами: во-первых, сложностью семьи как социальной и психологической системы. Семья включает в себя большое число всевозможных отношений и взаимосвязей, для формирования которых имеют значение личностные особенности членов семьи, ее социальное окружение, обычаи, традиции, социально-экономические условия и т.д. Во-вторых, отсутствием единого подхода к проблемам семьи, единого понимания ее сущности и структуры. В третьих, тем, что предметом семейной психологии является та область социальной жизни, которая подвержена влиянию социальных стереотипов, и представление, о которой испытывает значительное воздействие обыденного опыта [5]. И, конечно, изучение семьи осложняется скрытностью (интимностью) многих происходящих в семье конфликтов, а так же их изменчивостью, отсутствием четких контуров.

#### Список использованной литературы:

1. Алешина Ю.Е., Гозман Л.Я., Дубовская Е.М. Социально-психологические методы исследования супружеских отношений: Спецпрактикум по социальной психологии. - М.: Изд-во МГУ, 1987.
2. Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология: Учебник для вузов. – М.: ЮНИТИ, 1999.
3. Гурко Т. А. Психология семьи. – М.: 1996.
4. Олейник А.Н. Основы конфликтологии. – М.: АПО, 1992
5. Эйдемиллер Э.Г., Юстицкий В. Психология и психотерапия семьи. -СПб.: Питер, 2000

УДК 547(071.1):151

**Шакирова Садина Акимбековна**

### **ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

#### *Аңдатпа*

*Ұсынылып отырған мақала химияны оқу кезінде ойын жаттығуларын ұйымдастыру мәселесіне арналған. Сабақ барысында ойындарды қолданудың артықшылықтары талданды, химия сабақтарында ойын жаттығуларын қолданудың ерекшеліктері талқыланды. Мұғалімдер кәсіби қызметте қолдана алатын дидактикалық ойындардың мысалдары келтірілген.*

*Кілт сөздер: ойын жаттығулары, ойын, ойын технологиясы, химия*

*В предлагаемой статье рассмотрено повышение качества знаний студентов в преподавании химии с учетом организации игрового обучения при изучении химии. Анализируются преимущества использования игр на уроках, обсуждаются особенности использования игровых упражнений на уроках химии. Приведены примеры дидактических игр, которые учителя могут использовать в своей профессиональной деятельности.*

*Ключевые слова: игровое обучение, игра, игровые технологии, химия.*

*In the proposed article, the improvement of the quality of students' knowledge in teaching chemistry is considered, taking into account the organization of game learning in the study of chemistry. The advantages of using games in the classroom are analyzed, the features of using game exercises in chemistry lessons are discussed. Examples of didactic games that teachers can use in their professional activities are given.*

*Keywords: game training, game, game technology, chemistry.*

Ойын арқылы оқыту технологиясы - бұл қазіргі ұрпақтың ойын қызметін оңтайландырудың формалары мен әдістері, психикалық процестерді белсендіру құралы, диагностика, түзету және өмірге бейімделу құралы зерттелетін, педагогикалық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде тәрбие мен оқытуды құруды көздейтін оқу процесін ұйымдастыру.

Педагогикалық ойындардың жалпы ойындардан айырмашылығы маңызды белгіге ие-оқытудың нақты мақсаты және оған сәйкес педагогикалық нәтиже, оны негіздеуге, нақты түрде бөлуге және оқу-танымдық бағытымен сипаттауға болады. Сабақтың ойын формасы оқу іс-әрекетін ынталандыру құралы ретінде әрекет ететін ойын әдістері мен жағдайлары арқылы жасалады.

Ойын технологиясы оқу процесінің белгілі бір бөлігін қамтитын және жалпы мазмұнмен, сюжетпен, кейіпкермен біріктірілген тұтас білім ретінде құрылады. Сонымен қатар, ойын сюжеті оқытудың негізгі мазмұнына параллель дамиды, оқу процесін белсендіруге, бірқатар оқу элементтерін игеруге көмектеседі.

Ойынға негізделген оқытудың артықшылықтары: оқу процесін жандандыру және қарқындалу; тұлғааралық қатынастарды қайта құру, кәсіби қызметтің нақты жағдайларын модельдейтін жағдайларда студенттердің ұжымдық шешімдерін қабылдау процедуралары; оқытудың әртүрлі әдістері мен әдістерінің икемді үйлесімі (репродуктивтіден проблемалыға дейін); іс-әрекеттің кез келген түрін модельдеу. Химия сабақтарында дидактикалық ойындарды қолдану оқу процесін жеңілдетеді, оны қызықты және ең мазмұнды етеді және бұл, сайып келгенде, материалды жақсы игеруге әкеледі, химияға деген қызығушылықтың қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді.

Дидактикалық ойындар зерттелген материалды игеруге, бекітуге, жақсы есте сақтауға және жүйелеуге ықпал ететін жалпы химиялық ұғымдарды (бастапқы ұғымдар, бейорганикалық заттардың негізгі кластары, химиялық элементтердің периодтық жүйесі және т.б.) қалыптастыратын тақырыптарды зерттеуде кеңінен қолданылады. Оқу тақырыптарын неғұрлым нақты мазмұнмен (элементтер химиясы, химиялық реакция жылдамдығы, химиялық өндіріс негіздері және т.б.) зерттегенде, бұрын алынған білімнің тереңдеуі орын алатын дидактикалық ойын өткізудің мағынасы жоқ. Бұл жағдайда оны пайдалану зерттелген тақырып бойынша жалпылама сабақ өткізуде тиімдірек болады.

Осылайша, колледж студенттеріне ойын жағдайын қолданатын сабақтар жиі өткізіледі, өйткені студенттер бұл техниканы ұнатады, олар оған қатысуға және зерттелген материалды игеруге қуанышты. Жоғары оқу орындарында дидактикалық ойындарға деген қажеттілік азаяды, өйткені химияны оқу, оқушыларда саналы түрде жүреді.

Мысалы, "электролиттік диссоциация" тақырыбын зерделеу кезінде "Блуф-клуб" ойынын өткізуге болады, оның мақсаты-оқушылардың тақырыптың негізгі ұғымдары туралы білімдерін жалпылау және бекіту, зейінді, зейінді, реакция жылдамдығын дамыту.



Ойынның сипаттамасы. Топ 2 командаға бөлінеді. Оқытушы кезек-кезек команданың әр мүшесіне "иә" немесе "жоқ" деген нақты жауап беруі керек сұрақ қояды. Көптеген сұрақтарға дұрыс жауап берген команда жеңеді. Ойынға арналған сұрақтар.

1. Электролиттік диссоциация теориясының негізгі ережелерін С.Аррениус тұжырымдады. (иә)

2. Ылғалдандыру-атомдардың немесе иондардың су молекулаларымен әрекеттесу процесі (иә).

3. Электролиттер-электр тогын өткізетін заттар (жоқ).

4. Д.И.Менделеев еріту процесінің мәнін ашты (иә).

5. Аниондар теріс зарядталған бөлшектер (иә).

6. Қышқылдар диссоциацияланған кезде гидроксид иондары түзіледі (жоқ)

7. Сірке қышқылының диссоциациялану дәрежесін ерітіндіге су қосу арқылы арттыруға болады (иә).

8. Қатты заттар суда еріген кезде энергия әрқашан бөлінеді (жоқ).

9. Натрий карбонатының ерітіндісінде таңқурай фенолфталеині (иә).

10. Күкірт қышқылының ерітіндісін барий хлориді арқылы тануға болады (иә).

"Электролиттік диссоциация" тақырыбын зерделеу кезінде ұғымдық аппаратпен жұмыс істегенде, білім алушыларға қышқылдар, тұздар және электролиттер негіздері туралы ұғымдарды бекітуге, тақырыптың негізгі ұғымдары туралы білімді өзектендіруге бағытталған "Көңілді бұрылыстар" ойынын ұсынуға болады.

Ойын атрибуттары: оларға жазылған аударма сөздері бар карталар.

Ойынның сипаттамасы. Әріптердің реті өзгертілген анаграмма сөздерін шешу қажет.

Тапсырмалардың мысалдары:

1.ТИРАДИГ-су молекулалары молекулаларға, атомдарға немесе иондарға (гидраттар)қосылған кезде пайда болған заттар

2.ЛЫСИКОТ - бұл күрделі заттар, олардың диссоциациясы кезінде тек сутегі иондары (қышқылдар) сулы ерітінділерде катиондар ретінде бөлінеді.

3.ОНАСОНИВЯ - күрделі заттар, олардың диссоциациялануы кезінде тек гидроксид иондары (негіздер) сулы ерітінділерде аниондар ретінде бөлінеді.

4.ОЫНИ - оң немесе теріс зарядталған атомдар немесе химиялық байланысқан атомдар тобы (иондар).

5. ЛИСО -сулы ерітінділерде металл катиондары мен қышқыл қалдықтарының (тұздардың) аниондарына диссоциацияланатын күрделі заттар.

6.ТИРИТОЛЭКЕЛ-суда еріген кезде немесе балқытылған күйде иондарға (электролиттерге) ыдырайтын заттар.

Оқу процесінде ойындарды қолданудың нәтижесі өте үлкен. Оқушылардың барабар эмоционалды реакция тәжірибесін алудан басқа, жол бойында ойлау, сөйлеу, есте сақтау, қиял, зейін, жеке тұлғаның дамуында оң өзгерістер болады

Ойын технологиясын қолданатын сабақтар оқушылардың қызығушылығын тудырады,ал қызығушылық, сіз білетіндей, оқу процесін ынталандырады. Бірақ, өкінішке орай, барлық мұғалімдер барлық ойын технологияларын іс жүзінде дұрыс қолдана алмайды. Осыған байланысты колледж, университеттерде ойын технологияларын зерттеу өзекті болып отыр. Біз болашақ химия мұғалімдерін химия сабақтарында қолдануға болатын ойындардың барлық түрлерін дайындау және өткізу әдістемесімен таныстыруды ұсынамыз. Сонымен қатар, бұл курстың психологиялық-педагогикалық бейімделуі уақыт пен үлкен дайындық жұмыстарын қажет етеді. Сондықтан, біздің ойымызша, осы кезеңде оқу процесін жетілдірудің ең қолайлы нұсқасы-студенттерге ойын технологиялары, олардың жіктелуі, сипаттамалары, функциялары мен маңызы туралы білім алуға мүмкіндік беретін "Химия сабақтарындағы ойын технологиялары" арнайы курсы қолдану. Осы арнайы курс шеңберінде сабақтарды өткізудің негізгі нысаны ойын болып табылады. Осы арнайы курсты өту барысында студенттер әртүрлі педагогикалық ойындарды өздері әзірлейді, қолданады және қатысады. Біздің ойымызша, бұл ойын студенттердің ақыл-ойының дамуына ықпал

етеді, олардың ойлауын, зейінін, шығармашылық қиялын, эвристикалық дағдыларын, жайбарақат қарым-қатынасын және жолдастардың сынын дұрыс қабылдауын жақсартады.

Осылайша, химия сабақтарында ойын жаттығуларын қолдану студенттердің белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, пәнді оқуға деген ынтаны арттыруға ықпал етеді, материалды зерттеу процесін жеңілдетеді, оқушылардың практикалық құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Шығармашылық пен креативтілікті, коммуникативті дағдыларды, командада жұмыс істеу дағдыларын, көшбасшылықты дамыту, ойлаудың, есте сақтаудың, қиялдың, пәнаралық психикалық процестерді дамыту-мұның бәрі мұғалімдерге химияны оқу процесінде ойын оқытуды белсенді пайдалануға мүмкіндік береді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. А. Мырзабаев, Н. Тұрбекова. Химиядан кластан тыс жұмыстар және танымдық ойындар, 1993
2. М.Қ.Құрманәлиев «Химияны оқытудың қазіргі технологиялары», Алматы, 2009ж
3. Химик анықтамалығы журналы 2020ж
4. Кузнецова, Н.В. Интегративный подход в образовательном процессе / Н.В.Кузнецова// Наука и Образование, 2019. -No2. -С.73.3. Мишина, М.Н. Интерактивные методы обучения в учебном процессе /
5. М.Н. Мишина, М.М. Мишин, О.М. Золотова// Современные педагогические технологии в организации образовательного пространства региона: сборник материалов Областной научно-практической конференции (24 апреля 2018г.) / под общей редакцией Е.С. Симбирских. -Мичуринск: Изд-во ООО «БиС», 2018. -С.152-156.
6. Федулова Ю.А. Использование квест-технологий при изучении химии/ Ю.А. Федулова, Л.П. Петрищева, Е.Е. Попова // Наука и Образование. -2019.-No2. -С. 183.
7. Корепанова, Е.В. Проблема исследовательской деятельности в системе подготовки будущих педагогов / Е.В. Корепанова, С.В. Еловская// EuropeanSocialScienceJournal, 2018. -No12-1. -С.370-376.
8. Попова Е.Е. Развитие исследовательских умений школьников во внеурочной деятельности по химии / Е.Е. Попова, Л.П. Петрищева, Д.В. Зацепина// Наука и Образование, 2019. -No. 2 -С.161

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ**  
**ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

**ОӘК: 674.032.475.45**

**Е.Ж. Асылбаева., А.Т.Джолдыбаева., Ж.Ә Чакибаева**  
«45 Жалпы орта білім беретін» КММ, Семей қ

**ҚАРАҒАЙ ӨСІМДІГІНІҢ ПАЙДАСЫ, МЕКТЕП АУЛАСЫН КӨҒАЛДАНДЫРУ**  
**ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУ**

***Түйіндеме:** Бұл зерттеу жұмысында кәдімгі қарағай өсімдігінің пайдасын оқушыларға түсіндіру. Мектепті көгалдандыру мақсатында экологиялық жағынан тиімді ағаштарды егу болып табылады.*

***Түйін сөздер:** қарағай өсімдігі, көгалдандыру, қарағай бүрі, тұқым, табиғат*

***Аннотация:** В этой исследовательской работе учащимся должны быть объяснены преимущества растения сосны обыкновенной. Посадка экологически эффективных деревьев является целью благоустройства территории школы.*

***Ключевые слова:** сосна, ландшафтный дизайн, кора сосны, семена, природа*

***Annotation:** In this research paper, the benefits of the Scotch pine plant should be explained to the students. Planting sustainable trees is the goal of beautifying the school grounds.*

***Keywords:** *pinus* landscaping, pine bark, seeds, nature*

Қарағай (лат.*Pinus*) – қарағай тұқымдасына жататын, мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш кейде бұта. Еліміздің таулы аймақтарында бірнеше түрі кездесетін қылқанжапырақты мәңгі жасыл өсімдік. 500-600 жылға дейін өмір сүреді. Ең биік түрлері 50-60 метрге жетеді. Қарағайдың қылқаны ұзын, жуандау. Қылқанының түсі түріне қарай сары, көкшілдеу, жасыл және қою жасыл болады. Қарағай сондай-ақ тез өсетін қылқанжапырақтылардың бірі. Жер шарында жүзден аса түрі болса, оның жиырма шақты түрі көгалдандыруда қолданылады. Олардың ішінде бұтағы тік өсетін және жайыла өсетін түрлері де бар. Өсе келе жан-жағына 6-7 метрге дейін жайылатындықтан, бір-бірінен немесе өзге ағаштардан арақашықтығы кем дегенде 5-6 м болуы керек. Оның барлық түрі бой жасап өсіргенге ыңғайлы [1,3].

Жұмыстың мақсаты: қарағай өсімдігінің қасиетін, қоршаған ортаға әсерін, пайдасын анықтау арқылы мектеп ауласын көгалдандыру жолдарын ұсыну және оқушыларға экологиялық білімін дәріптеу. Алға қойған мақсатқа жету барысында алдымызға бірнеше міндеттер қойылды:

1. Қарағай өсімдігі туралы іздену, материалдарды жинақтау, анықтау жұмыстарын жүргізу және «Семей орманы» резервтарының туризм, экологиялық ағарту және ғылым бөліміне барып мәліметтерін зерделеу;

2. Қарағайдың пайдалы қасиеттерін анықтау;

3. Қарағай өсімдігін қолдан өсірудің әдісін зерттеу, көшет дайындау;

4. Мектеп ауласының сұлбасын сызып және макетін жасау, көгалдандыру жолдарын ұсыну;

**Өзектілігі:** Өсемдік, экологиялық жағынан тиімді, қарағай өсімдігін мектеп ауласына көгалдандыруға қолдану және оны қорғау.

**Зерттеу нысаны:** Қарағай өсімдігі

**Зерттеу әдістері:** мәліметтер жинау, қарағай өсімдігі туралы анықтау, сұхбат алу, сауалнама жүргізу, диаграмма сызу, пайдалы жақтарын анықтау, картада белгілеу, тұқымын

отырғызу, көшет дайындау әдісін көрсету, мектеп ауласы сұлбасын (планын)сызу, мектеп ауласы макетін жасау.

**Қарағай ағашы** - Бұл денсаулықтың белгісі. Вьетнамда және Жапонияда ұзақ өмірдің символы болып саналады, ал Финляндияда, Швецияда, Норвегияда өмірдің өзі бейнеленген [5].

Қарағайдың ағашы мықтылығымен және қаттылығымен ерекшеленеді. Оны кеме құрылысында, авиацияда, теміржолда және құрылыста кеңінен қолданады. Қарағай денсаулығы үшін жақсы: ежелгі шумериялықтардың дәуірінде инелер (қарағай аяғы) компрессорлар ретінде қолданылған, Мысырда қарағай шайыры мәйіттерді бальзамдау үшін қолданылған. 3000 жылдан астам уақыт бойы жер бетінде болған фараондардың қабірлерін қазу барысында оның бактерицидтік қасиеттері сақталған. Бүгінгі күні роза және скипиттер шайырдан жасалған, таниндер қабынан жасалған. Косметикалық өнімдер эфир майлары негізінде дайындалады: кебіртіп, шашты нығайтуға, бет пен дененің терісін жасартатын және жаңартатын [2].

**Қарағай инелері** түрлі бактериялардың өсуін және дамуын тежейтін фитонцидтерді шығарады. Өкпе мен бронхты емдеуге арналған табиғи ингалятор болып табылатын қарағайлы орман, адамдарға тыныс алу жолдары мен жүйке жүйесі ауруларына көмектеседі, Қазақстан аумағындағы туберкулезге шалдыққан көптеген санаторийлер және Семей қаласындағы туберкулезге қарсы емдеу ауруханасының маңында қараға ағаштары отырғызылған.

Қарағай шырыны эфир майларынан тұрады және жүйелі түрде қолданғанда, депрессия мен тітіркенуді жеңілдетеді [4].

**Қарағай шырыны** емдеуге болады: экзема, асқазан-ішек жолдарының аурулары, фурункулос, еріндердегі жарықтар.

**Қарағай бүршігінің оттығы** Ол дезинфекциялау үшін, бауыр аурулары, ревматизм, бронхит және тамшылатып кету үшін, бөртпе және қабынуға қарсы, диуретикалық, холеретикалық агент ретінде қолданылады.

**Қарағай конусы тұнбалары** жүрек ауруы үшін қолданылады. Хлорофилл пастасы жағылған жараларды емдеу үшін қолданылады, скипидар қосылыстарда ауырсыну үшін қолданылады. Шын мәнінде, қарағай - жоғарыдан түбіне дейін емдік ағаш, оның ішінде тіпті қарағай балы (бал қарағай бүршіктері немесе жас қарағай конусынан пісірілген кептеліс). Күшті табиғи антибиотик ретінде пайдаланылады: әлсіз иммунитеті бар, суық, бронхит, жөтел, бронх демікпесі, көкжөтел, өкпе эмфиземасы, туберкулез, тұмау, тамақ ауруы. Сипатталған құрал түрлі ауруларда қолданылады, себебі ол:

1. Бактерицидтік қасиеттері, өкпе-тыныс алу жүйесінің аурулары үшін маңызды, тұнбаны қолданғанда, қышқыл инфузиядан жойылады және микробтар жойылады;

2. Бүйрек ауруларында холеретикалық және диуретикалық әсері (эфемді жою);

3. Дизентерия мен туберкулезбен күресуге көмектесетін дезинфекциялау құралдары (дәрі-дәрмекпен емдеудің қосымша құралдары ретінде);

4. Hemostatic: ішкі және сыртқы қан тоқтату (тромбозбен);

5. Қалпына келтіру әсері (қалпына келтіреді: иммунитет, дененің дене белсенділігі) қанның тазарту функциясы (төмендеу: холестерин, атеросклероз, аяқтардың гангренінде қоспа ретінде пайдаланылады). № 45 Жалпы орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қарағай көшеттерін отырғызу жұмыстары жүргізілді. Бұл зерттеу жұмысында қарағай көшетін қолдан өсірудің қарапайым әдісін дәріптеу және оқушыларды табиғатты аялауға үйрету. Өзіміз күнделікті өмір сүріп, ауасымен демалып тыныстап жүрген ауланың экологиялық жағдайын жақсарту көзделіп отыр [6,7].

**Қорытынды.** Қарағай, шырша, самырсын және өзге ашық тұқымды өсімдіктердің халық шаруашылығында маңызы зор. Қарағай – еліміздің таулы аймақтарында бірнеше түрі кездесетін қылқан жапырақты мәңгі өсімдік. Оның барлық түрі бой жасап өсіргенге ыңғайлы. Жай және тез өсетін түрі бар. Қылқанжапырақтылар оттегін бөліп, көмірқышқыл

газын бойына сіңіреді. Сондықтан адам қылқанжапырақтылар өскен аумақта жақсы тыныс алып тынығады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметжанова А.И., Гурр Р.В. Ресурсы лекарственных растений в некоторых районах Центрального Казахстана. В сб.: Морфологические и экологические особенности растительного мира Центрального Казахстана. Караганда.- 1986 г.- С. 21-29
2. Қожабеков М., Қожабекова Г. Дәрілік өсімдіктер. – Алматы, «Қазақстан»-1982. – С.3-5
3. Флора Казахстана. Т.1. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1956. – С 354
4. Флора Казахстана. Т.2. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958.- С 290
5. Флора Казахстана. Т.3. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. С 458
6. Флора Казахстана. Т.4. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961.- С 545
7. Флора Казахстана. Т.5. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961.-515

УДК 573.6.086.83

**Каримтайқызы Салтанат**

*магистрантка 2 курса, Alikhan Bokeikhan University, г. Семей*

### ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН СИНБИОТИКТЕРДІ ИНКАПСУЛЯЦИЯЛАУ ҮШІН ҚАБЫРҒА МАТЕРИАЛЫН ТАҢДАУ

*Бұл мақалада тағам өндірісінде қолдануға арналған инкапсулирленген синбиотиктердің ғылыми зерттеулерінің нәтижелері және капсулаларды алу үшін материалды таңдаудың негіздемесі келтірілген, сонымен қатар пробиотиктерді және пребиотиктерді таңдау және оны натрий альгинаты мен хитозан капсуласына инкапсуляциялау әдістері қарастырылды*

**Кілт сөздер:** *инкапсулирлеу, пробиотиктар, пребиотиктер, натрий альгинаты, хитозан, инулин, Lactobacillus acidophilus.*

*В этой статье представлены результаты научных исследований инкапсулированных синбиотиков для использования в пищевой промышленности и обоснование выбора материала для получения капсул, а также рассмотрены методы выбора пробиотиков и пребиотиков и их инкапсуляции в капсулу альгината натрия и хитозана.*

**Ключевые слова:** *инкапсулирование, пробиотики, пребиотики, альгинат натрия, хитозан, инулин, Lactobacillus acidophilus.*

*This article presents the results of scientific research of encapsulated synbiotics for use in the food industry and the rationale for the choice of material for the production of capsules, as well as methods for the selection of probiotics and prebiotics and their encapsulation in a capsule of sodium alginate and chitosan.*

**Keywords:** *encapsulation, probiotics, prebiotics, sodium alginate, chitosan, inulin, Lactobacillus acidophilus.*

Қазіргі уақытта халықтың денсаулығының нашарлауына байланысты тамақ өнеркәсібінде пробиотикалық және пребиотикалық қасиеттері бар тамақ өнімдерін алу өзекті міндет болып табылады[1,с.872]. Осыған орай әлем ғалымдары пробиотиктер мен пребиотиктердің тіркесімі адам ағзасының физиологиялық функциялары мен метаболикалық реакцияларына синергетикалық әсер ететін симбиотиктерді тағам өндірісінде қолдануды жан – жақты қарастыруда. Симбиотиктердің физиологиялық әсерінің жоғарылауы пробиотиктердің қатысуымен пайдалы бактериялардың 1,5-2 есе тез дамитындығына байланысты[2,с.167]. Көптеген ғалымдардың зерттеу нәтижелерінде пробиотиктердің денсаулыққа пайдасы көп екендігі дәлелденді. Дегенмен, денсаулыққа пайдалы барлық артықшылықтарға қарамастан, өміршең жасушалардың көптігінсіз, оң нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Көптеген пробиотикалық бактериялар ашытудан кейін төмен рН әсерінен, тағамды тоңазытқышта сақтау, немесе адамның асқазанындағы қышқылдық сөлінен кейін тағамда жойылатыны көрсетілген[3,с.16, 4, с.107].

Пробиотикалық өнімдер тоқ ішекке жету үшін бүкіл өңдеу, сақтау, тарату және асқазан-ішек жолдарынан өту кезеңдерінде өзінің өміршеңдігін сақтау қажет[5,с.15]. Бұл тұрғыдан пробиотиктерге микроинкапсуляция жақсы көмектеседі. Өте сезімтал пробиотик штаммдардың өміршеңдігін сақтау үшін инкапсуляция көбінесе жалғыз нұсқа болып табылады. Микроинкапсуляция технологиялары бактерия жасушаларын сыртқы ортаның зақымдануынан қорғау үшін әртүрлі матрицаларды қолдану арқылы әзірленеді. Жалпы микрокапсуляция пробиотикалық бактериялардың қышқыл жағдайларына, өт тұздарына , асқазан – ішек жолдарының қолайсыз жағдайларынан организмнің пайдалы микроағзаларға мұқтаж бөлігіне қауіп- қатерсіз, сау күйінде жетуіне көмектесетін процесс. Инкапсуляцияны қолдану арқылы пробиотиктерді иммобилизациялау өңдеу және сақтау кезінде де, ас қорыту кезінде де тағамдағы микроорганизмдердің өмір сүруін жақсартып алады [6,с.348]. Инкапсуляция тасымалдаушы материалдағы белсенді заттарды алу процесін білдіреді және биоактивті молекулалар мен тірі жасушалардың өнімдерге жеткізілуін жақсартудың пайдалы құралы болып табылады. Инкапсулянттардың қорғаныш қабығын жобалау үшін қолданылатын материалдар тағамдық, биологиялық ыдырайтын және ішкі фаза мен оның айналасы арасында тосқауыл жасай алатын болуы керек. Инкапсуляция биоактивті молекулалардың мысалы, антиоксиданттар, минералдар, дәрумендер, фитостеролдар, лютеин, май қышқылдары, ликопен және пробиотиктердің тағамға жеткізілуін қамтамасыз етеді. Туынды бөлшектердің диаметрі әдетте бірнеше нм-ден бірнеше мм-ге дейін болады[7, с.458].

Соңғы жылдары пробиотикалық зерттеулердің өсуі, сондай-ақ пробиотикалық тағам тұжырымдамасына коммерциялық қызығушылықтың артуы байқалады. Бұл кеңейтілген зерттеу біздің түсінігімізде және белгілі бір пробиотикалық организмдерді сипаттау қабілетімізде, сондай-ақ олардың денсаулыққа тигізетін пайдасын растау әрекеттерінде айтарлықтай прогреске әкелді. Пробиотикалық тағамдар функционалды азық-түлік нарығының маңызды бөлігін құрайды және экспоненциалды қарқынмен өсуде[8,с.56. 9,с.163].

### **Зерттеу объектілері мен әдістері**

Ғылыми жұмысты орындау барысында зерттеу нысандары таңдалды.

Ғылыми жұмыстың басты мақсаты: тамақ өнімдерін өндіруде қолданылатын синбиотиктерді инкапсуляциялау үшін қабырға материалын таңдау болып табылды.

*Зерттелетін объект ретінде таңдалды :*

- пробиотик ретінде лактобактериялардың штамы (*Lactobacillus acidophilus*) , және пребиотик тұрғысында инулин.

- натрий альгинаты ГОСТ 33310-2015;

- хитозан ГОСТ 55577-2013;

-инкапсулирленген симбиотик;

Зерттеу бірнеше кезеңдерден тұрды.

